

Мінездеме (характеристика) – түрлі мекеме, ұйым, бірлестік, оқу орындарында белгілі бір адамды өмірбаяндық, біліктілік, кәсіптік, адамшылық тұрғыда жазбаша сипаттау мақсатында жиі жазылатын іс қағазының бір түрі.

МІНЕЗДЕМЕ деректемелері:

- құжаттың аты – МІНЕЗДЕМЕ;
- мінездеме берілетін адам туралы қысқаша мәлімет;
- мәтіні;
- қорытынды;
- мінездеме талап етуші ұйымның аты;
- мерзімі;
- мінездеме берушінің аты –жөні, тегі, қолы.



Мінездеме түрлері:



Оқылым

Берілген тапсырмаларды оқи отырып, мінездеменің түрлерін анықтаңыз.

Қазақ спорт және туризм академиясының 2000-шы жылғы түлегі,
еркін күрестен бапкер Мақсат Ахметұлы Айбековке

Мінездеме

Мақсат Ахметұлы Айбеков 1983 жылы Батыс Қазақстан облысы, Ақсай қаласында дүниеге келген. 1990-2001 жылдар аралығында Ақсай қаласындағы № 1 орта мектепте оқыды. Мектепті бітіргеннен кейін Алматы қаласындағы ҚазҰТУ-ға келіп оқуға түсті.

М.А. Айбеков -қабілетті, білімді, спортқа деген ынтасы зор. Республикалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болған. Компьютермен жұмыс істей алады, ағылшын тілін жетік біледі.

Мінезі салмақты, сабырлы, жолдастарына адал. Ұйымдастырушылық қабілеті бар, қиын жағдайда өз бетінше дұрыс шешім қабылдай алады. Сынды дұрыс түсінеді, кемшіліктерін тез түзетуге тырысады.

Базалық дайындық деңгейі мен қабілеттігін ескере отырып, М.А.Айбековты халықаралық студенттік конференцияға жіберуге ұсынуға болады.

Ө.А.Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия
институтының директоры, т.ғ.д., профессор М.О.Жарасов

қолы

25 мамыр 2018 жыл

Түйіндеме - резюме

- Түйіндеме – үміткердің кең көлемдегі визит карточкасы сияқты. Түйіндеме оны жазған адам туралы толық мәлімет береді, оның білімі, біліктілігі, жеткен жетістігі, жұмыс тәжірибесі, икемділігі т.б.
- Түйіндеме – компанияға өз түйіндемелерін жіберген көптеген үміткерлерден сізді ерекшелеп тұратын жарамалық парақша сияқты болуы керек. Яғни, жұмыс беруші немесе кадрлар қабылдайтын кез келген агенттіктерде сіздің түйіндемеңіз әлеуеті жоғары қызметкер ретінде оларды қызықтыру қажет.
- Түйіндеме жазу барысында болашақта оны оқыған адамға қызығушылық тудыратындай етіп жазу мақсаты көзделуі керек. Біріншіден – білікті маман ретінде, екіншіден — позитивті мінездеме көрініс тапқаны жөн.

Түйіндеме үлгісі

Аты жөні: Асқарова Алтын Тұрарқызы

Мекенжайы: 4 шағын /ауданы, 15 үй,с 7 пәтер

Телефоны: (үй, моб.), e - mail:

Туған жылы және жері: 20. 11. 1986 ж.

Ұлты: қазақ

Жанұя жағдайы: тұрмыс құрмаған

Білімі: Жоғары

2006 - 2010 жж. Алматы қаласы, ҚазҰУ университеті, «Математика және жаратылыстану» факультеті

Іс - тәжірибесі: №45 орта мектебі математика пәні мұғалімі

Мамандығы: математика бакалавры

Тілдерді білуі: қазақ тілі – өз тілім, орыс тілі - еркін, ағылшын, неміс, араб тілдері – сөздікпен

Компьютерлік дағдылар: Офистік программалар: Microsoft Office: Word, Excel, Power Point, Access, Графика: Adobe Photoshop, CorelDraw

Жеке қасиеттері: еңбекқор, өз ісіне жауапты, жан-жақты, іскер, адамдармен тез тіл табысады. Өз алдына мақсат қоя біледі.

Қосымша мәліметтер: Кітап оқу, сурет салу, өлең жазу, музыкаға деген қызығушылығы ерекше.

Үй жұмысы

Үлгі бойынша мінездеме және түйіндеме мәтінін жазыңыз / составьте текст резюме и характеристики.